

## «Ата-бабамыздың мұрасын сақтаймыз және дамытамыз» республикалық интернет-байқауын қашықтықтан өткізу ережелері

### 1. Жалпы ережелер

1. Мектепке дейінгі, жалпы орта, қосымша, техникалық және кәсіптік білім беру ұйымдарының білім алушылары арасында қашықтықтан өткізілетін «Ата-бабамыздың мұрасын сақтаймыз және дамытамыз» республикалық интернет-байқауының (бұдан әрі - Байқау) ережелері оның мақсатын, міндеттерін және тәртібін анықтайды.

2. Мақсаты: балалардың шығармашылық қабілеттерін дамыту, қолданбалы сәндік өнерге деген қызығушылықтарын ынталандыру және жаңа идеяларды іздеудегі белсенділіктерін ояту.

Міндеттері:

дәстүрлі халық өнері, халықтық қолөнер, бейнелеу шығармашылығы саласындағы дарынды балаларды дамыту және қолдау;

жас авторларды отандық мәдениет пен өнердің озық үлгілеріне араластыру;

руханилықты өркендету, қоғам санасындағы отбасылық құндылықтарды қайта қалпына келтіру;

қатысушылардың рухани, мәдени мұрасына деген мақтаныш сезімін қалыптастыруға бағытталған шығармашылық әлеуеттерін дамыту.

3. Байқауды Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің «Республикалық қосымша білім беру оқу-әдістемелік орталығы» РМҚК өткізеді.

4. Байқаудың ұйымдастырушылары әділ қазылар алқасы мен ұйымдастыру комитетінің құрамын қалыптастырады.

### 2. Байқауды өткізу мерзімі және тәртібі

5. Байқау жұмыстары электронды түрде **2016 жылғы 28 қыркүйектен 10 қарашаға дейін** [rumcdo.1konkurs@mail.ru](mailto:rumcdo.1konkurs@mail.ru) электронды поштасына қабылданады.

**2016 жылға 10 қарашадан** кейін түскен, сондай-ақ талаптарға сәйкес келмейтін байқау материалдары қарастырылмайды.

Байқаудың қорытындысы, жеңімпаздардың дипломдары, қатысушылардың сертификаттары, жеңімпаз балалардың жетекшілеріне алғыс хаттар **2016 жылғы 2 желтоқсанда** [www.ziyatker.org](http://www.ziyatker.org) сайтында орналастырылады.

6. Байқауға ұсынылған жұмыстар қайтарылмайды. Байқауды ұйымдастырушылар авторға сілтеме жасай отырып, байқау материалдарын БАҚ құралдарына жариялауға құқылы.

7. Байқауға қатысу үшін әр жұмысқа **1500 (бір мың бес жүз) теңге** төлемақы төленеді.

Төлемақы барлық банк немесе Қазпошта бөлімшелерінде келесі реквизиттер арқылы жүргізіледі:

Алушы: «Республикалық қосымша білім беру оқу-әдістемелік орталығы» РМҚК (резидент).

БанкЦентрКредит АҚ

Иик KZ918560000005068448

БИК КСJBKZKX

БИН 990140004733

Кбе 16.

КНП – 859.

Төлемақының мақсаты: «Ата-бабамыздың мұрасын сақтаймыз және дамытамыз» байқауы. Байқауға қатысушының (жіберуші) фамилиясын міндетті түрде көрсету қажет.

8. Байқауға қатысу үшін **rumcdo.1konkurs@mail.ru** электронды поштасына келесі құжаттар жіберілуі тиіс:

- 1) қосымшаға сәйкес толтырылған өтінім;
- 2) сканерден өткізген төлемақы құжаты немесе төлем тапсырмасы;
- 3) электронды түрдегі байқау жұмысы.

### **3. Байқау талаптары**

9. Байқауға мектепке дейінгі, жалпы орта, қосымша, техникалық және кәсіптік білім беру ұйымдарының 4-18 жас аралығындағы білім алушылары қатысады.

Байқау келесі жас санаттары бойынша жүргізіледі:

- 1) кіші жас санаты: 4-6 жас;
- 2) кіші жас санаты: 7-9 жас;
- 3) орта жас санаты: 10-12 жас;
- 4) орта жас санаты: 13-15 жас;
- 5) жоғары жас санаты: 16-18 жас.

10. Байқау келесі номинациялар бойынша жүргізіледі:

1. «Ойыншық».
2. «Декупаж».
3. «Сәндік жазба»;
4. «Табиғи материалдармен жұмыс».
5. «Көркемдік жабыстыру».
6. «Бисермен тоқу»

11. Қатысу шарты: Байқауға бұйымдардың орындалу кезеңдерін сипаттарын фотосуреттері (jpg форматындағы 4-тен кем емес) қабылданады.

12. Байқау жұмысын қатысушы толығымен өзі орындауы қажет. Қатысушы өз қиялын шарықтатып, жұмысты өз бетімен орындауы тиіс. (Ата-

аналар, жетекшілер қатысушыларға титул парағы мен ұсынымдарды толтыру барысында көмектесе алады).

13. Жұмысты бағалау өлшемдері:

Байқау жұмыстарының Байқау тақырыбына, номинациялар бойынша талаптарына сәйкестігі;

өзгешелігі, ерекше ойлауы;

эстетикалық орындалуы;

түстік шешімі, түсі, композициясы;

жұмыс тақырыбының қызықты ашылуы және ұстанымдылығы;

көңіл-күйі, мәнерлілігі, эмоциялылығы.

14. Байқауда бір қатысушы бір немесе бірнеше номинацияға қатыса алады. Әр қатысушыдан әр номинацияға бір жұмыс қабылданады. Әр номинацияға жеке жұмыс ретінде жеке ақша төленеді.

15. Байқау жұмысының титул парағында келесілер көрсетіледі:

облысы, аудан (қала), ауылы;

білім беру ұйымының аталуы;

байқау және номинациясының аталуы;

автордың аты-жөні;

қатысушының жасы;

e-mail, байланыс құралдары;

жеткешісінің аты-жөні.

16. Бөгде адамдардың материалдарын және Интернет желісінен алынған материалдарды пайдалануға тыйым салынады. Байқау жұмыстары бұрын басқа сайтта жарияланбаған болуы тиіс.

#### **4. Байқауды қорытындылау**

17. Байқаудың қорытындысы бойынша қазылар алқасы жеңімпаздарды анықтайды.

18. Байқау жеңімпаздары I, II, III дәрежелердегі дипломдармен марапатталады, орын алмаған қатысушыларға сертификат беріледі.

Байқау жеңімпаздарына дипломдардың, қатысушыларға сертификаттардың, жеңімпаздардың жетекшілеріне алғыс хаттардың электронды нұсқалары [www.ziyatker.org](http://www.ziyatker.org) сайтында мына сілтеме бойынша <http://www.ziyatker.org/#!-/c10hg> жүктеп алу мүмкіндігімен орналастырылады. Анықтама телефоны: +7 (7172) 249 306 («Ата-бабамыздың мұрасын сақтаймыз және дамытамыз» байқауы).

Дипломдарды, сертификаттарды, алғыс хаттарды жүктеп алудың нұсқасы: [www.ziyatker.org](http://www.ziyatker.org) → Бастапқы бет → Республикалық іс-шаралар → «Ата-бабамыздың мұрасын сақтаймыз және дамытамыз» байқауы → әрі қарай).

**Ережеге қосымша**

Қашықтықтан өткізілетін Республикалық интернет-байқауға қатысу туралы ұсыным

<b>Қатысушының аты-жөні Қатысушының жасы</b>	<b>Облысы, қала, аудан, ауыл, білім беру ұйымының атауы</b>	<b>Байқаудың, номинациясының, жұмыстың атауы</b>	<b>Байланыс құралдары (ұялы телефоны, электронды поштасы)</b>	<b>Жетекшісінің аты-жөні</b>
1	2	3	4	5